

Сауытбек  
АБДРАХМАНОВ

Л 2010  
24351к



ҚАШАҒАН  
ҚҰРЫҚТАҒАН  
ҚАЗАҚСТАН

Сауытбек  
АБДРАХМАНОВ

---

**ҚАШАҒАН  
ҚҰРЫҚТАҒАН  
ҚАЗАҚСТАН**

*Сапарнамалар мен сұхбаттар*

“Елорда”  
Астана – 2010

УДК 070  
ББК 76.01  
А 14

**А 14** Абдрахманов Сауытбек.

«Қашаған құрықтаған Қазақстан» (*Сапарнамалар мен сұхбаттар*). – Астана: Елорда, 2010. – 436 бет.

ISBN 9965-06-529-2

Қаламгерлік, қайраткерлік сапарлармен әлемнің елуден астам елін аралаған, көптеген оқиғаларға куә болған көрнекті публицист Сауытбек Абдрахмановтың бұл жинағына 2001-2010 жылдар аралығындағы шетелдік репортаждары, мемлекеттер басшыларымен, көрнекті қайраткерлермен халықаралық саясатқа қатысты сұхбаттары топтастырылған.


Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының төрағасы биігіне көтерілген, 2010 жылы Ұйымның Саммитін өз елімізде өткізуге қол жеткізіп, әлемге әйгілі мемлекетке айналған Қазақстанның халықаралық аренадағы алар орнын айшықты ашып көрсететін кітапта ресми сапарлардың жай-жапсары баяндалып қана қоймайды, сол елдер туралы тағылымды жайлар да айтылады, тәуелсіздігіміз жөнінде ордасы ойлар ортаға салынады.

Кітаптың алғысөзін көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев жазған.

Филология ғылымдарының докторы Сауытбек Абдрахмановтың қалың оқырман қауымға, саясаттанушыларға, тарихшыларға, дипломаттарға арналған бұл құнды еңбегін жоғары оқу орындарындағы болашақ журналистер репортаж, сұхбат жанрлары бойынша көрнекі оқулық құралы ретінде пайдалануына да болады.

УДК 070  
ББК 76.01

ISBN 9965-06-529-2



© Абдрахманов С., 2010  
© «Елорда», 2010

## АЛҒЫСӨЗ

Қазақ журналистикасының танымал тарланы, белгілі ғалым және көркем әдебиеттің зерттеушісі Сауытбек Абдрахмановтың қаламынан шыққан әрбір туынды – бұл, ақиқатын айтқанда, біздің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі оқиғалық құбылыс. Сіздің назарыңызға ұсынылып отырған С.Абдрахмановтың жаңа кітабы да сол қатардан екендігі анық.

Кәсіби халықаралық дипломат мен үшін бұл кітап ерекше қызығушылық туғызды, өйткені онда С.Абдрахмановтың әр кездері «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланып, негізінен біздің мемлекеттің сыртқы саяси қызметіндегі ірі оқиғаларға арналған мақалалары мен сұхбаттары жинақталған екен. Жіті көзқарасқа, жан-жақты дүниепайымға, талдамашылық ой сараптауға және, әлбетте, ұшқыр қаламға ие ол кәнігі жолбасшы секілді бізді аса күрделі проблематикаға толы халықаралық қатынастардың ну жынысы арасына нық сеніммен бастай жөнеледі. С.Абдрахмановтың кітабын оқыған оқырман, мейлі ол студент, ғалым немесе мемлекеттік қызметші болсын, біздің қарама-қайшылықты әлеміміз немен тыныстап, қандай қиындықтарды еңсеруге жұмылып жатқанынан, қай тұрғыдағы сынақтарды жеңуге ұмтылыс танытқанынан толық түсінік алады. Және ең бастысы – оқырманның көз алдында біздің мемлекеттің көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бастаған оның халықаралық қызметінің тұтас бір картинасы пайда болады.

Жинақта Елбасымыздың әлемдік саясаттың саңлағы ретіндегі биік бейнесі сомдалған. Автордың қай оқиғаны жазса да оның тарихи мән-маңызын жеріне жеткізе айтатынына, сол істің бастауында тұрған адамның қадір-қасиетін айқара ашатынына бір мысал ретінде еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығына сайланғанына орай жазылған «ЕҚЫҰ» деген мақаласынан үзінді келтірейін: «Ол күні кешегі кеңестік кеңістіктен шыққан мемлекеттердің еуропалық үлгі-қалыптарға да сай келетін демократия құруға шындап кіріскендігі, сол

жолда толымды табыстарға қол жеткізгендігі алғаш рет ресми мойындалды, құжат түрінде танылды. Ол күні Қазақ елі жаңа сапалық белеске ауысты – біздің мемлекетіміз ендігі жерде әлемдік саясаттың бұрынғыдай сырттай бақылаушысы, қазіргідей қатысушысы қалпынан сол саясатты қалыптастырушы, айқындаушы мемлекеттердің қатарына қосылды. Ол күні Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихынан ойып тұрып орын алатын тұлғалар тобынан табылатыны айдай әлемге айқын танылды – айналасы 16 жылдың ішінде қирандыдан, құландыдан мемлекет құру, қоғамды бір формациядан екінші формацияға ауыстыру, өтпелі кезеңдегі қиыншылықтардан есеңгірей жаздаған халықты тар жол, тайғақ кешуден аман-есен алып өту, елдің еңсесін көтеру, аяғынан тік тұрғызу, алыс та, жақын да, Батыс та, Шығыс та мойындайтын, санасатын, құрметтейтін елге айналдыру, сан түрлі себептерге байланысты бірнеше ғасыр бойында дүниежүзілік өркениеттен шеттетіліп қалған елді жер-жабанға таныту тек шынайы реформатордың, ұлттың ұлы перзентінің ғана қолынан келеді». С.Абдрахманов Президенттің халықаралық қызметін жан-жақты, келістіріп көрсету арқылы еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығына сайлануы да, 11 жыл бойы шақырылмай келген Ұйым Саммитінің Қазақстан төрағалығы тұсында, Астанада өткізілуі де ең алдымен Елбасы еңбегінің жемісі екендігін көз жеткізе дәлелдеп шыға алған.

Кітаптың өн бойында автордың заман, қоғам, адам, ел, халық туралы ойлары өріліп беріліп отырады. Ол қашанда мемлекетшіл қайраткер ретінде сөйлейді, қай нәрсеге де мемлекет мүддесі тұрғысынан қарайды. «Махаббат қуанышы, бала-шағаның қызығы, табысқа қол жеткізу, алға қойған мақсаттың орындалуы... бұлардың бәрі де бақыттың белгілері. Осылар бір басыннан түгелдей табылып жатса жақсы. Түгелдей табылмаса ше? Өмірде не болмайды? Басына не түспейді? Тағдырдың алдан не тосарын жалғыз Жаратқан Иеміз ғана біледі. Асылы, бір басыңның бақытын еліңнің бақытымен байланыстыра, біртұтас қарай алсаң ғана кемел кісілікке беттей білген боласың. Ең баянды бақыт – еліңнің бақыты. Ең биік мәртебе де, ең мәнді, ең мәңгі мәртебе де – мемлекетіңнің мәртебесі», деп жазады С.Абдрахманов.

Кітап авторы шынайылықпен және бейнелі суреттеген көптеген оқиғалар маған таныс, өйткені мен оларға тікелей қатыстым. Сондықтан да С.Абдрахмановтың қолынан турашыл да әділ шежіреші болу миссиясы келгенін толық жауапкершілікпен айта аламын. Аса күрделі бұл жұмыстың

маңызын басқаша бағалау қиын. Күндер, айлар мен жылдар өтеді. Біз басымыздан кешуге тура келгендердің көбі ұмытылады, өткенге сіңіп жоқ болады. Біз тәуелсіз Қазақстанды құрудың шиеленісті оқиғаларынан қаншалықты алыстаған сайын оларды халықтың жадында сақтау қажеттілігі соншалықты күшейе түседі. Мемлекетіміздің негізін салушының бейнелеп айтуы бойынша, Қазақстанның мемлекеттік құрылысының алғашқы кезеңін өзінің күрделілігі мен шиеленістілігі жағынан тұтас жүзжылдықпен салыстыруға болады. Және С.Абдрахмановтың кітабы бұл тезисті қуаттайды.

Кітаптың елеулі бөлігін сұхбаттар құрайды. КСРО-ның бұрынғы сыртқы істер министрі әрі Грузияның бұрынғы президенті Э. Шеварднадземен кітап авторының сұхбатын мен өте қызыға оқыдым. Былай қарағанда бұрынғы саясатшының, оның үстіне қазіргі Ресейде ғана емес, сонымен бірге тарихи отаны – Грузияда да қатқыл сын нысанасына айналған бұрынғы саясатшының ашық әңгімесінен не пайда дерсің. Бірақ та С.Абдрахманов Э. Шеварднадземен әңгімесін бізге, оқырмандарға, қайта құру дәуірінің аса қызғылықты жәйттері белгілі болатындай етіп құра алған екен. «Жаңаша ойлаудың» алғы шебінде болған адамнан шыққан бұл мәліметтердің орнықты маңызы бар, өйткені оның аузымен Тарихтың өзі сөйлеп отыр. Қайта құрудың артық ауыз сыншылары не айтсадағы, КСРО-ның бірінші және соңғы президенті М.Горбачевке Э. Шеварднадземен және «жаңаша ойлаудың» басқа да жақтастарымен бірге үлкен тұрғыда айтқанда бүкіл әлемді өзгерту мүмкін болды. Нақтылап айтайын: жақсы жағына қарай өзгерту мүмкін болды. Әлем бұрынғыға қарағанда қауіпсіз бола қоймаса да, идеологиялық бұғауынан босанып, жаппай текетірестен арыла алды.

Менің Э. Шеварднадземен тікелей қатынаста болған өз тәжірибем бар. 1989 жылдың ақпанында ол ресми сапармен Қытайда болып, барлық дипломаттарды келіссөз жүргізудің мүлдем басқаша әдісімен тандандырғаны бар. Сарапшылар эзірлеген материалдарды ысырып қойған ол өз әріптесіне, ҚХР сыртқы істер министрі Цянь Цичэнгоге былай деп қайырылған еді.

– Кеңес Одағының Қытаймен қатынастары туралы ойлағанда менің жүрегім шаншиды. Айтыңызшы: мәселе неде, неліктен біздің қатынастарымыз нашар?

Э. Шеварднадземен Ұлы Қытай қорғанына жолбасшы болып барғанымда мен одан грузин фамилияларындағы «дзе» қосымшасы нені білдіретінін сұраған едім. Министр: «ұл» деп

қысқа жауап қайтарды. Сосын, біраз үнсіздіктен кейін былай деп қосты: Шеварднадзе «сұңқардың ұлы» дегенді білдіреді.

1993 жылы Э. Шеварднадзе Грузияға басшы болып жүргенде, мен одан неге мемуар жазбайтынын сұрағанмын, өйткені бұл жанрда көптеген саясатшылар мен дипломаттар «төбе көрсетті ғой».

– Уақыт жоқ.

Содан кейін аспанға қарап, әзіл-шыны аралас былай деді: бәлкім, ол жақта бастан кешкендер туралы еске алуға уақыт болар.

Солай болсадағы «сұңқардың ұлы» демократияландыру мен қайта құру идеялары нақтылыққа айналуы үшін өзінің қалай өмір сүріп, қалай жұмыс істегені туралы айтып беруге уақыт тапты. Көптеген елдерде бестселлерге айналған оның мемуарлары жарыққа шықты. С.Абдрахмановқа сұхбатында да ол ешқандай күмәнсіз бірегей жәйттерге жатқызуға болатын мәселелер туралы айтып беріпті.

С.Абдрахмановтың қызықты, түрлі фактілерге толы кітабына қайта оралар болсақ, оның өзекті де дер уақытында шығып отырған туынды екенін атап көрсеткім келеді. Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалығы тұсында, елордамыздағы Ұйым Саммиті жылында еліміздің сыртқы саясатының мұндайлық салтанаты әрі заңдылық, әрі әділеттілік екенін көрсететін, әрбір қазақстандықты елі, Елбасы үшін мақтаныш сезіміне бөлейтін, оқырманның отаншылдығын арттыра түсетін осындай кітап жариялануға тиіс еді. С.Абдрахмановтың отандық саяси әдебиеттің бүтінгі биігін танытатын бұл кітабы сөзсіз құндылық болып табылады, ол қандай деңгейде де лайықты бағасын алады деген ойдамын.

Соншалықты көп оқитын адамның өзіне де қайсыбір газетте не жарияланғанын ұмыту тән нәрсе. Жедел өзгерістегі, интернеттік уақыттың заңы осындай. Алайда кітап авторы біздің жуырдағы тарихымыздың басты оқиғаларын жадымызда жаңғыртудың сирек мүмкіндігін беріп отыр. Және мұны шеберлікпен, жоғары кәсіби деңгейде жасаған.

**Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,**  
**Қазақстан Республикасы**  
**Парламенті Сенатының Төрағасы**

2001

## ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

### Қытай, Шанхай

«Шығыс жақта бір алып ұйықтап жатыр. Ұйықтай бер-сін! Егер ол оянар болса, әлемді дүр сілкіндіреді». Наполеон осылай деген. «Ұйықтап жатыр» деген сөз заманында Шығыстағының бәріне мұрын шүйіре қарайтын батыс адамының астам көзімен қарап айтылғаны белгілі. Әйтпесе, адамзат өркениетінде шешуші маңызы болған керемет жаңалықтардың талайы Қытай жерінде дүниеге келгені баршаға мәлім. Соның өзінде де ондаған ғасырлар бойы Қытайдай ұлы ел әлем тарихында өзіне сай орын ала алмай келгенін де түп-түтел жоққа шығаруға болмас. Екінші және үшінші мыңжылдықтардың айрығында Наполеон ұйықтап жатыр деген сол алып оянды ақыры. Алыптың «оянуына» әлемнің алтыдан бір бөлігін жайлап жатқан КСРО атты алып мемлекеттің тарих сахнасынан кетуі тұспа-тұс келді. Жарты әлемге ықпалын жүргізіп тұрған сол ересен елдің шаңырағы ортасына түскен кезде бет-бетіне дербес мемлекет болып шыға келген бұрынғы одақтас 15 республика біраз уақыт өткен соң жан-жағына караған тұста талай қауіп-қатер бар екенін анық аңғарды.

Бұрынғы Одақ тұсындағы экономикалық байланыстардың быт-шыты шыққан, берер бұйымын бере алмай, алар өнімін ала алмай, тығырыққа тірелген сол тұста барлық тәуелсіз республикалардың басшылары ендігі жерде мәселенің мәселесі ел болып кетуге келіп тірелетінін, ал ол үшін, ең алдымен, төңірегінде тыныштық болуы керектігін түсінді. Сол шақта бұрынғы біртұтас елдің шығыс жақ бетіндегі республикаларының алдымен ойға алғандары ұлы Қытаймен қарым-қатынасты жаңаша жолға қою қажеттігі еді. Сөйтті де төрт елдің – Қазақстанның, Қырғызстанның, Ресей мен Тәжікстанның сыртқы істер министрліктерінің басшылары 1992 жылдың қыркүйегінде Минск қаласында бас қосып, аталған елдердің Қытай Халық Республикасымен шека-

ра проблемасы жөнінде келіссөздер жүргізе бастады. Өзі талай жылғы идеологиялық әуре-сарсаңнан зорға-зорға арылып, марксизм мен маоизм санаға сіңіріп кеткен қасаң қағидалардан жаңа-жана құтылып, реформаларға білек сыбана кірісіп кеткен Қытай елінің де күткені осы еді.

Уақытты ғасырлап өлшеуге үйренген, асығу-аптығу дегенді білмейтін қытайлықтар кеше ғана өздеріне «советтік қатер» дейтінді төндіріп келген елдің аңысын аңдып болғанша табандатқан төрт жыл кетті. Ақыры 1996 жылдың 26 сәуірінде Шанхай қаласында Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы мен Тәжікстан Республикасының арасында Шекара маңайында әскери саладағы сенім шараларын бекіте түсу туралы келісімге қол қойылды. Бұл Келісім – тарихи құжат еді. Дипломатия тілімен айтқанда аралық сипаты бар деп саналғанымен, сол құжаттың өзі шекараның екі жағындағы текетірестің тоқтатылғанын, аймаққа жаңаша геосаяси жағдай қалыптасқанын білдіретін. Сөйтіп, әлемдік саясатқа «Шанхай бестігі» деген ұғым енді.

Арада дәл бір жыл өткенде, 1997 жылғы 24 сәуірде жаңағы аталған бес елдің басшылары Мәскеуде бас қосып, шекара маңындағы қарулы күштерді өзара қысқарту туралы уағдаластыққа қол жеткізді. Келісім 1999 жылғы 6 тамызда күшіне кірді. Онан кейінгі кезеңдерде «Шанхай саммиті» аймақтағы қауіпсіздіктің үлкен кепілі ретінде аса абыройлы міндет атқару үстінде.

Бұл процесте тәуелсіз Қазақстан, оның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев белсенді қызмет атқарып келе жатқанын біз мақтанышпен айта аламыз. 1998 жылдың 3 шілдесінде бес елдің басшылары Алматы кездесуінің Бірлескен мәлімдемесіне қол қойып, қажет болған жағдайда сарапшылар, сыртқы істер министрлері, үкімет басшылары, сондай-ақ мемлекет басшылары деңгейінде жиналып, Орталық Азияда және тұтастай Азия құрлығында қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен ынтымақтастықты кеңейте түсу жөнінде толғағы жеткен мәселелерді жедеғабыл талқылап отыру идеясын құжаттап тұрып бекітті.

«Шанхай бестігі» қазір әлемдік саясаттағы маңызды факторлардың бірі. Бұл ұйымның жылдан жылға бедел артырып бара жатқанының бір дәлелі – талай тұста өз бетінше саясат жүргізуді жақтай беретін Өзбекстан Республикасының осы бестікке алтыншы мемлекет болып қосылу жөнінде өтініш айтуы. Бауырларымыздың бұл тілегін де дер кезінде

Қазақстан басшылығы қолдап, 2001 жылдың 28 сәуірінде Мәскеуде өткен сыртқы істер министрлерінің кездесуінде осы ұсыныстың қабылдануына себепкер болғанын айта кеткен жөн.

Сонымен, «Шанхай бестігінің» атын өзгертетін шақ келді. 14 маусымда Шанхай қаласына жиналған Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасының президенттері «Сицзяо» қонақ үйінде алғашқы басқосуын өткізіп, онда ұйымның атын өзгерту келісілді және мемлекет басшылары Өзбекстанды «Шанхай ынтымақтастық ұйымына» қабылдау туралы Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Бұл жайдың өзі бүгінгі әлемде ортақ қауіпсіздік қана баянды бола алатынын көрсетеді. Осы қадамы арқылы бауырлас өзбек халқы халықаралық терроризмнен төніп отырған қауіп бұлтын сейілтуге деген сенімін арттыра түседі деген үміт бар.

Президенттердің бұл кездесуі оңаша жағдайда өтті. Кездесуден кейін Елбасының баспасөз хатшысы Асылбек Бейсенбаев Қытай жағы қаралған басты мәселемен қатар, аймақтық сауда-экономикалық ынтымақтастық айқындамасын талқылауды ұсынғанын хабарлады. Қытай сарапшыларының пікірі бойынша, экономикалық ғаламдасу жағдайында бұл тетікті біртіндеп іске қоса беру керек. Кездесуде сондай-ақ, елдердің арасында сауда мен инвестицияға қолайлы жағдай жасау, аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мазмұны мен әр кезеңінің басты принциптері, мақсаттары, тауарлар сапасының сәйкестігі, фитосанитарлық, ветеринарлық бақылау туралы келісімдердің жобалары қарауға ұсынылып, талқылау барысында олардың барлығы да негізінен қолдау тапқан.

Кешке қарай келіссөз өткен «Сицзяо» қонақүйінде Қытай Халық Республикасының Төрағасы Цзян Цзэминь атынан мәртебелі мемлекет басшыларының құрметіне қонақасы берілді. Мұнан кейін Шанхайдың Үлкен театрында ел басшыларының назарына театрландырылған көрініс ұсынылды.

Саммит бүгін басталады. Кешегі кездесу, жүздесулер көзделген құжаттардың барлығына да қол қойылады деп сенім артуға мүмкіндік беретін сыңайлы.

*15 маусым*

# ҚАУІПСІЗДІККЕ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ АРҚЫЛЫ ЖЕТЕМІЗ

**Шанхай саммитіне қатысушы елдер  
басшыларының ортақ ойы осындай**

## **Қытай, Шанхай**

Саммит “Шаргрила” қонақ үйінде өтті. Күн тәртібіне қойылған негізгі мәселе қай тараптан қарағанда да, қай қырынан алғанда да аса маңызды. Ғасырлар тоғысында халықаралық терроризм әлем қауымдастығын ерекше алаңдататын проблемалардың біріне айналды. Оның үстіне көптеген елдер бұл мәселені сепаратизммен қоса-қабат қарастыратыны тіпті де құпия емес. Мысалы, Өзбекстан мен Қырғызстан күн жылынып, Тәжікстан беттегі тау асуларынан адам аса алатын шақ жақын қалған сайын Баткен оқиғасының қайталану қаупіне алаңдап отырса, Қытай Ти-бет пен Шыңжаңдағы оқшаулану әрекеттерін қас қақпай қадағалайды. Қытайға осымен үшінші рет жолымыз түсіп отырған біз әр келген сайын ұйғыр мәселесін еміс-еміс болса да естіп жатамыз. 1999 жылы келгенімізде онан бір жыл ғана бұрын Құлжада өткен қанды оқиғалардың жаңғырығын өзіміз тікелей сезіне алғанбыз. Онан бергі екі жылдың ішінде Қытай басшылығы елдің ішкі тұтастығы мәселесіне назарды бұрынғыдан да күшейте түскені байқалады. Бұл жағдай Ресей басшылығын да бейжай қалдырмайтыны белгілі. Мұндай проблема Қазақстанда да атымен жоқ деп айтсақ, асылық болар. Осы жылғы 28 сәуірде Мәскеуде өткен сыртқы істер министрлері кеңесінде терроризммен, сепаратизммен, экстремизммен күрес туралы Шанхай конвенциясының жобасы алдын ала талқыланып, негізінен қолдау тапқан.

Саммиттің бас жағында “Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру” туралы декларация жобасы қаралып, ол құжат бірден-ақ бекітілді, себебі, бұл мәселе алғашқы күні алдын ала келісіліп қойылған болатын. “Бестікке” алтыншы ел болып Өзбекстанның қосылуына байланысты оны ендігі жерде “Шанхай алтылығы” деп жатпай-ақ, оның үстіне осы ұйымға таяу болашақта басқа да елдердің (ең алдымен ниет білдіріп отырғандар қатарында – Үндістан, Пәкстан мен Иран бар көрінеді) қосылуы мүмкін екендігін ескеріп, “Шанхай ынтымақтастық ұйымы” деген жаңа атауға тоқтам жасалды. Бұл процесс осылайша жалғаса берген жағдайда

мұның өзі әлемдегі геосаяси ахуалға үлкен ықпал жасайтынын болжау үшін маман саясаткер болу шарт емес. Шанхайда дүниеге келген жаңа ұйым ХХІ ғасырда жұмыр жердегі саяси жағдай екі супермемлекеттің – Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасының экономикалық және әскери қуатының ара салмағына қатысты айқындалатынын анық деп кесіп айтуға мүмкіндік беретін сияқты. Қытайдың түбінде екі аса қуатты державаның бірі боларына күмән жоқ. Бұл ел енді әрі кетсе 20-30 жылда (кейбіреулер 30-40 деп те болжайды) ішкі жалпы өнім мөлшері жөнінен АҚШ-ты қуып жетіп, басып озады деген әңгіме ең байсалды, ең сақ саясаткерлер мен экономистердің де аузынан шыға бастады. Біз мұны бір өзінде бүкіл Қазақстан халқындай адам шоғырланған Шанхайдың (қалада қазір 16 миллионнан астам тұрғын бар) тыныс-тіршілігінен, өркенді өсуінен де көріп отырмыз. Айтқандай, Шанхайдың бүтінгі биігіне жетуінде кезінде жүргізілген ақшаны жария ету саясатының әсері көп болған көрінеді. Данышпан Дэн ақсақал Шанхай еркін экономикалық аймағын құрғызып, бұл жерге қаржы салғандардан ол ақшаны қайдан, қалай алғанын сұрамауды, салықтардан босатуды тапсырған екен.

Шанхай саммитінде ұйымның ұлттық үйлестірушілерінің кеңесі туралы ереже де бекітілді, ол құжатқа сыртқы істер министрлері қол қойды. Осында өз шешімін тапқан күрделі мәселенің тағы бірі – Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының арасындағы мемлекеттік шекаралардың түйісер нүктесі жөніндегі келісім. Мұның өзін көршілес елдерімізбен мемлекеттік шекарамыздың ара-жігін ресми айқындаудың басы деп те қарастыруға болады. Үш Президент қол қою рәсімінен кейін-ақ сыртқы істер министрлерін шақырып алып, сол арада делимитация ісін биыл аяқтауды тапсырып жатты.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев саммитте сөйлеген сөзінде “Шанхай бестігінің” арқа сүйеп келген қағидаттары жаңа құрылып жатқан “Шанхай ынтымақтастығы ұйымының” алдағы қызметіне де негіз етіп алынғаны жөн болатынын, елдер арасындағы ынтымақтастықтың негізгі мақсаты шекарадағы жағдайды қалыпқа түсіру екендігін бөлекше көрсетті. Нұрсұлтан Назарбаев келесі саммитке дейін “Шанхай ынтымақтастық ұйымының Хартиясын” дайындау, онда елдердің бір-бірінің қауіпсіздігіне кепілдік беру қағидаларын көздеу жөнінде ойларын ортаға салды. “Қазіргі әлемдегі қауіпсіздікті

тек әскери-саяси тұрғыда ғана қарастыруға болмайды, жаһандану дәуірінде қауіпсіздіктің экологиялық, техногенді, гуманитарлық және басқа да қырлары қатар қарастырылуы қажет”, деп келелі әңгіме арнасын кең өріске шығарып берген Елбасы экономикалық ынтымақтастықтың маңызды мәселелерін қопара қозғады. Атап айтқанда, Қазақстан басшысы Орталық Азия аймағын Қара теңіздегі және Қиыр Шығыстағы порттармен байланыстыратын көлік коммуникацияларын тарту мәселесін көтерді. Елбасымыздың сөзінде трансшекаралық өзендердің, миграцияның, диаспоралар мәселелерінің де орнымен қозғалғанын ризалықпен айтқымыз келеді. Ежелден екі елдің кенезесін қатар қандырып келген ерен Ертістің біраз суын Қытайдағы жаңа ашылып жатқан мұнайлы өңірге бұрып алу мәселесі, жұмыс жайымен жүрген болып орайын келтіріп, орнығып қалушылық, бір жарым миллионға жуық қандастарымыздың хал-ахуалы, сөз жоқ, қай қазақты да толғантады. “Олардың әрқайсысы өзінше күрделі мәселе”, деді Қазақстан Президенті. Нұрсұлтан Әбішұлының нық сөзі осы күрделі мәселелердің қай-қайсысында да есеміз кете қоймайтынына сендіреді. Н.Ә.Назарбаев сөзінің соңында Қазақстан Азиядағы Өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөнінде кеңес шақыру қамында екенін айта келіп, қазірдің өзінде оған қатысуға 15 ел ниет танытып отырғанын хабарлап, мемлекет басшыларын 2001 жылдың 8-10 қарашасында өтеді деп мөлшерленген сол жиынға шақырды.

Шекара мәселесі Президентіміздің түстен кейін Қытай телевизиясына берген сұхбатында да қозғалды. Қазақстан басшысы кезіндегі Даманск, Жалаңашкөл оқиғаларын іріктей еске салып, ел мен елдің арасындағы басты дау қашанда жер дауы екенін қадап айтты. Біздің сұрағымызға мемлекеттік тілде қайтарған жауабында Нұрсұлтан Әбішұлы: “Қазақ халқы ғасырлар бойы екі алып империяның ортасында өмір сүріп келді. Қазір де біздің шешіп жатқанымыз сол мәселе” деп түсінген жанға талай ойдың ұштығын аңғартты. Әсіресе, “Елдің тұңғыш Президенті ретіндегі басты міндетімнің бірі – мемлекеттік шекараларымызды толық белгілеп, басын ашып беру” дегені әсерлі шықты.

Қытай мен Қазақстан басшылары Цзян Цзэминь мен Нұрсұлтан Назарбаевтың түстен кейін өткен кездесуінде де шекара жайының біржола шешілгеніне қанағаттанғандық білдірілді.

Саммит құжаттарына қол қою рәсімінен кейін Қытай Халық Республикасының төрағасы Цзян Цзэминь, Ре-

сей Федерациясының Президенті В.В.Путин, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев, Қырғыз Республикасының Президенті А.А.Ақаев, Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмонов, Өзбекстан Республикасының Президенті И.Ә.Каримов қысқа-қысқа сөз сөйледі. Мемлекеттер басшыларының бәрі де Шанхайда қол қойылған құжаттар аймақтағы қауіпсіздікті нығайтуға соны серпін береді деген нық сенім білдірді. Нұрсұлтан Назарбаев: “Жаңа ғана біз жүздеген жылдар бойы шешілмей келе жатқан мәселені шештік” дей келіп, “Шанхай саммитін” тарихи деп бағалады. Қазақстан басшысы Ауғанстандағы жағдайды жеке қарау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының арнаулы сессиясын шақыру жөнінде нақты ұсыныс енгізді. Айтқандай, Нұрсұлтан Әбішұлы Қытай телевизиясына берген сұхбатында осы мәселені қарауды кешіктіре беретіні үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы басшылығын сынға алды. Расында да, Югославиядағы жағдай БҰҰ-да бірнеше рет қаралып, ол жаққа халықаралық қауымдастықтың әскер күштеріне дейін енгізіліп жатқанда, мұсылман елдерінде онан кем түспейтін қанды қырғынға тым салқын қандылықпен қарау байқалатыны бар ғой. Қырғызстан Президенті А.Ақаев күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер бойынша толық түсіністікке қол жеткеніне қанағат білдіре келіп, “Шанхай саммитінде” терроризмге қарсы күрестің арнаулы құрылымы Бішкекте орналасатынына қатты қанағаттанғанын разылықпен айтты. Тәжікстан басшысы Э.Рахмонов жаңа құрылған ұйым қазіргі әлемдегі жаһандануға лайықты жауап болмақ деген баға берсе, Өзбекстан басшысы И.Ә.Каримов өзінің елі Орталық Азиядағы мемлекеттердің бәрімен, ең бастысы Ауғанстанмен шектесетінін, Өзбекстанда сол өңірдегі халықтың тең жартысы тұрып жатқанын атап айттып, мұндағы мәселелерді қарауда Өзбекстан мүддесі ұдайы ескерілуге тиіс дегенді қадап көрсетумен болды. Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путиннің сөзінде “Шанхай саммиті” әлемдегі геосаяси жағдайға елеулі дәрежеде ықпал жасай алады деген ой ортаға салынды.

Сонымен, жаңа ғасырдың бірінші жылында, нақты айтқанда, 15 маусымда, Қытайдың Шанхай шаһарында әлем саясатында бөлекше оқиға болды деп айтуға толық негіз бар. “Шанхай ынтымақтастық ұйымының” дүниеге келуі, жүздеген жылдар бойы дәстүрлі түрде оқшау өмір сүріп келген Қытай елінің осыдан небәрі он жыл бұрын шекарасына танкілерін тіреп қойып тұрған, ал отыз жылдан сәл астам

уақытта өз әскерімен қарулы қақтығысқа дейін барған елдің орнында қалған тәуелсіз мемлекеттермен саяси ұйымға бірігуі, ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін нақты қадамдарға көшуге ықпал танытуы, расында да, мына жаңа ғасырда әлемде біраз өзгеріс боларынан хабардар еткендей. Мұның арғы астарынан жаһандану процесі ендігі жерде тоқтамауға бет алғанын, ертеңгі күнін ойлаған елдердің бәрі де оған бірлесіп қарсы тұруға тырысып қана қоймай, әрі соған бейімделуге ойысқанын көруге болатындай. “Шанхай ынтымақтастық ұйымын” құру туралы декларацияда бұл қадам оған қатысушы мемлекеттердің ынтымақтастығы дамудың жаңа белесіне аяқ басқанын білдіреді, осы шешім бүгінгі дәуірдің үрдістеріне, аймақта қалыптасқан нақты жағдайға, халықтардың түпкілікті мүдделеріне сәйкес келеді деп сенім білдірілген.

Әрине, бәріне де уақыт төреші. Біз өз тарапымыздан Шанхайдағы қол жеткен уағдаластықтар тәуелсіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне, еліміздегі ұйыған татулыққа, территориялық тұтастығына, әрбір таңымыздың тыныш атып, әрбір кешіміздің бейбіт батуына септігін тигізеді деп үміт артамыз.

Мемлекет басшылары келесі саммит 2002 жылдың жазында Ресейде өтеді деп уағдаласты.

*16 маусым*

\*\*\*

## **МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕРЕЙІ – МЫҒЫМДЫҒЫНДА**

### **Испания, Мадрид**

Испан жеріне табанымыз осымен үшінші рет тиіп тұр. Бірінші рет сонау 1989 жылғы қарашада – КСРО мәдениетінің күндері Қазақстан атынан өткізілгенде, екінші рет 2000 жылғы қазанда Президент Н.Ә.Назарбаевтың Испания Корольдігіне ресми сапары кезінде келгенбіз, енді міне Елбасымыздың Америка Құрама Штаттарына бара жатқан жолында Мадридті тағы бір көріп қалудың сәгі түсті. Әрине, ол келіс пен бұл келістердің арасы жер мен көктей. 1989 жылы жарты айдай жүріп, елдің сегіз қаласын емін-еркін араласақта, делегациямызды басқарып барған Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасы орынбасарының Испаниядағы Совет елшілігінің мәдениет жөніндегі атташесінің айтқанымен

сөйлеп, нұсқағанымен жүріп-тұрғанын көріп, еңсеміз ауық-ауық өзінен-өзі түсіп кеткен. Сонда сапарлас болған ақын ағамыз Қадыр Мырза Әлидің испан биін суреттей келіп, өлеңінің соңында: «Мұндай биі бар халық билете қоймас өзгеге!..» деп айтарын астарлап жеткізуге тырысқаны да есте. Ал бұл жолы еркін елдің Президенті бастаған ресми делегация Елбасы ұшағымен Қазақстанның көк туы желбіреген Мадрид әуежайына сән-салтанатымен келіп түсті. Осының бәрі атыңнан айналайын Азаттықтың арқасы.

Елбасының жұмыс кестесі қашанда қауырт. 17 желтоқсанда, Ұлттық мерекенің екінші күнінде Нұрсұлтан Назарбаев тағы да атқа қонды. Президент ұшағы Астана мен Мадридтің арасына сегіз сағаттай уақыт жұмсап, «Барахас» әуежайына келіп қонған кезде біздің елордамызда түнгі сағат 11, ал испан астанасында кешкі 6 болып еді. Мадридте де күн батып қалғанына қарамастан, «Вилла Магна» қонақ үйіне орналаса сала сапардың ресми бағдарламасы басталып кетті.

Испания Үкіметінің басшысы Хосе Мариа Аснармен «Монклоа» резиденциясында өткен келіссөз барысында екі жақ халықаралық жағдайдың көкейкесті мәселелерін және Қазақстан – Испания қарым-қатынастарының қазіргі жай-күйі мен болашағын талқылады. Хосе Мариа Аснар Қазақстан Президентінің өткен жылғы ресми сапары екі елді бұрынғыдан да жақындастыра түскенін, сауда-экономикалық байланыстарға соны серпін бергенін разылықпен атап өтті. Әңгімеде тиісті үкіметтік құрылымдар арқылы Испания Үкіметінің Қазақстанға 200 миллион АҚШ доллары көлемінде жайлы несиені ашып беруі туралы мәселені бірлесіп пысықтау жөнінде уағдаластыққа қол жетті. Мұның өзі өткен жылы испан жағы ашып берген 50 миллион АҚШ доллары көлеміндегі несиені дер кезінде игерудің нәтижесі екенін, ол қаржы негізінен екі мақсатқа: Астана мен Алматы арасындағы жүрдек пойыз қатынасын жолға қоюға және Астанадағы тұрмыстық қалдықтарды өртейтін қалалық жүйені жасауға жұмсалғанын жұртшылықтың біле жүргені жөн. Тәуелсіздік тойының дәл қарсаңында Алматыдан Астанаға 14 сағатта келген пойыз вагондары Испаниядан жеткізілген болатын. 200 миллион долларлық жаңа несиені де испан жағы мемлекетіміздің мығымдығына сенгендіктен бергелі отырғаны күмәнсіз.

Қазір қай елдің басшылары да бір-бірімен кездесе қалса, терроризм деген бәлені ауызға алмай қоймайтын

жағдай қалыптасты. Оның үстіне Испания – сепаратистік күштердің лаңкестілігін ауық-ауық нақты сезініп отырған ел. Былтырғы сапар кезінде, Қазақстан басшысы Мадридке келердің дәл алдында баскілердің «ЭТА» деген ұйымы испан астанасының орталығында күшті жарылыс жасап, ондаған адамның өмірін қиған-ды. Баспасөз мәслихатында Нұрсұлтан Назарбаев қайтыс болғандардың отбасыларына көңіл айтып, терроризммен бірлесіп күресу керектігін тағы да еске салған. Сол жолы біз Мадридтен ұшып шығатын күні автобус терезесінен ондаған мың адам қатысқан терроризмге қарсылық манифестациясының шет жағасын көріп те қалғанбыз. Оған Үкімет басшысының өзі қатысқан.

Келіссөз кезінде екі жақ та халықаралық қауымдастықтың 11 қыркүйектен бері терроризммен күрес бағытында қолға алып жатқан шараларына толықтай қолдау көрсетіп, Қазақстанның осы істе Еуропа Қауымдастығымен тығыз байланыста әрекет еткені жөн болады деген тоқтам жасалды. Айтқандай, бұл қауымдастыққа төрағалық ету кезегі таяуда Испанияға келеді екен. Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев Испанияның Азия бағытындағы саясаты қазіргіден жандана түскені дұрыс деген пікірін де ортаға салды.

Испания Королі Хуан Карлос I өзінің қала сыртындағы резиденциясында Қазақстан Президентінің құрметіне кешкі қонақасы берді. Хуан Карлос I мен Нұрсұлтан Назарбаевтың арасындағы ел басшылары ретінде ғана емес, таза адамдық тұрғыдағы өзара сыйластық қарым-қатынас бар екенін көзі қарақты оқырман біледі. Мұнан біраз бұрын Испания Королінің Қазақстанға бейресми сапармен келіп кеткені де бар.

Президент сапарының екінші күнінде, яғни 18 желтоқсанда арнайы тоқталып жататындай елеулі ештеңе болған жоқ: Елбасы бұл күнді түгелдей дерлік аспанда өткізді. Таңертеңгі 9-да Мадридтен көкке көтерілген Президент лайнері Атлант мұхитының үстінен 6 сағатта ұшып өтіп, Ньюфаундленд аралығындағы (бұл Канада жері) «Гандер» әуежайына түсіп, мұнда бір сағаттай дамылдап, 5 сағат 50 минутта 4 мың 782 шақырымды артта қалдырып, Хьюстонның «Джордж Буш Интерконтиненталь» әуежайына қонған кезде мұнда күн еңкейіп те қалған екен. Кешке қарай Елбасымыз тоқтаған «Сэнд-Риджис» қонақ үйінің «Колоннада Рум» залында осындағы ірі-ірі энергетикалық компаниялар жетекшілері Қазақстан Президентінің құрметіне кешкі қонақасы берді. Құрметті қонақасы басталарда сөйлеген қысқа сөзінде

Нұрсұлтан Әбішұлы Техас кәсіпкерлерімен тығыз қарым-қатынас орнатуды көздейтінін, сондықтан да алғашқы жүздесуді компаниялар жетекшілерімен бастап отырғанын атап айтты.

Қазір Хьюстон қаласы тұрған жерді 1836 жылы ағайынды Август пен Джон Аллендер небәрі 200 долларға да жетпейтін ақшаға сатып алған екен. Кезінде Хьюстон Техас Республикасының астанасы да болған, 1942 жылы ғана АҚШ-тың 28-ші штаты ретінде қосылған. 1962 жылы НАСА орталығы Хьюстонға көшірілгелі бері бұл қаланың аты ғарышты игерудегі жетістіктердің бір баламасына айналып кеткендей. 1969 жылы американ астронавтары Ай бетіне қонған кезде адамзаттың алғаш естігені қай сөз екенін білесіз бе? Білмесеңіз, біле жүріңіз: ол «Хьюстон» деген сөз. Американдықтар Хьюстонды астронавтика астанасы ретінде айрықша қастер тұтады.

Онсыз да аты алысқа кеткен Техас жері қазір жаңа Президент – кіші Джордж Буштың отаны ретінде де мәлім. Президент Нұрсұлтан Назарбаев АҚШ-тағы сапарының екінші күнінде кезінде осы елді басқарған оның әкесімен – үлкен Джордж Бушпен кездеседі. Бұл күннің бағдарламасы да өте тығыз – Президенттің бес кездесу өткізуі, Райс атындағы университеттің Қоғамдық саясат институтында сөз сөйлеуі, кешке қарай Нью-Йоркке ұшып шығуы көзделіп отыр. Олар жайында келесі нөмірде әңгімелемекпіз.

*19 желтоқсан*

\*\*\*

## ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫМЕН

Қазақстан Республикасының Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың Америка  
Құрама Штаттарына сапары жалғасуда

### АҚШ, Хьюстон

Сапардың екінші күні Хьюстонда өтті. Техас жерінде мұнайдың мол қоры ашылған 1906 жылдан бері қала осы елдегі мұнай өндірісінің орталығына айналған. Мұндағылардың Қазақстанның мұнай-газ секторының болашағына мұқият көз тігетіні өзінен-өзі түсінікті. Жетпісінші жылдарда Хьюстонға ұзын саны 200-ден астам мұнай компаниясының көшіп келгені көп жайды аңғартады. Мұнда басқа қалалар

да үйренетін нәрсе көп, қала кейінгі кезде ғажап қарқынмен өркендеп келеді. Әсіресе, өткен ғасырдың соңғы жылы Хьюстон экономикасы үшін белесті кезең болыпты: бір жылдың ішінде жаңадан 63 мың жұмыс орны ашылып, жан басына шаққандағы табыс 5 пайызға артқан. Биылғы жылдың аяғына дейін жаңадан ашылған жұмыс орнының саны 81 мыңға жеткелі тұр.

Елбасымыздың “Халибертон” компаниясының төрағасы әрі атқарушы директоры Дэвид Легармен, “Филипс Петролсум” компаниясының төрағасы Дж.Мульвамен кездесулерінде айтылған әңгіме мұнай байлығы бүкіл елді түрлентіп жібере алатынына көз жеткізе түсті.

Тәуелсіздігіміз тәй-тәй басқан шақта Қазақстанды алдымен таныған, мойындаған мемлекеттердің қатарында әлемнің ең қуатты елі – Америка Құрама Штаттары болған. Елдің тізгінін сол тұста Джордж Буш ұстаған еді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында, яғни тәуелсіздік жарияланған күннің дәл ертеңінде Мемлекеттік хатшы Джеймс Бейкерді арнайы ұшақпен Алматыға аттандырып салып, Нұрсұлтан Назарбаевпен республика территориясындағы ядролық арсеналдың ендігі жәйін алдын ала сөйлесуді тапсыратын да осы Джордж Буш еді. Қазір елді оның үлкен ұлы – кіші Джордж Буш басқарып отыр. Қаланың елеусіздеу бір көшесіндегі қос қабатты жеке үйде тұратын үлкен Джордж Буш Қазақстан Президентін күтіп алуға аулаға ертерек шығып, журналистермен сөйлесті, бізбен суретке де түсті. Жасы 80-ге тақаған экс-президенттің соншама ширақтығы, шынын айтар болсақ, бізді қайран қалдырды.

Әлем таныған екі қайраткердің кездесуі жылы шырайлы сәлемдесуден басталып, ескі таныстардың сыралғы әңгімесіне ұласты. Нұрсұлтан Назарбаев ел егемендігінің елең-алаңында жас мемлекетке жан-жақты қолдау көрсеткені үшін Джордж Бушқа разылығын айтып, оны АҚШ пен Қазақстан және екі ел халықтарының арасындағы бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты I дәрежелі “Достық” орденімен марапаттау туралы Жарлығы оқылған соң құрметті награданы табыс етті.

Елбасымыздың Райс атындағы университетте сөйлеген сөзіне кіріспе орнына пікір айтқан Джеймс Бейкердің: “Біздің бүгінгі қонағымыз – әлемде жаңа сана қалыптастыруды бастап берген адамдардың бірі” дегені де, Нұрсұлтан Назарбаевтың адамзат тарихына атом қаруынан өз еркімен

бас тартқан тұңғыш Мемлекет басшысы ретінде енгенін қадап көрсеткені де өте салмақты шықты. “Нұрсұлтан Назарбаев – болашақты болжай білетін дана адам”, деді Джеймс Бейкер. Университетте сөйлеген сөзінде Қазақстан Президенті өзінің елінің өткені мен бүгінгі, ертеңі туралы әсерлі әңгімелеп берді. Демократиялық үрдістердің бірте-бірте орныққаны оңды екендігін ескерте келіп, сөздің орайы табылған бір тұста Джеймс Бейкерге қарата: “Сіздер осыдан он жыл бұрын жаңа туған баладай жас мемлекетке демократияның көлемі 43-ші бәтіңкесін бірден кигізе салуды талап еткен едіңіздер, сөйтер болсақ, демократияның қадірін қолдан кетірудің нағыз өзі болып шығар еді, Горбачевтің “қайта құруының” түбіне жеткен де осындай асығыстық”, деп әрі әзілдей, әрі ашық сөйлеп, ондай талап қойылар кез әлі де алда тұрғанын аңғартып өтті. Нұрсұлтан Назарбаевтың Семей полигонындағы ядролық, Возрождение аралындағы химиялық және бактериялық сынақтардың зардаптары, Арал қасіретінің алапат ауқымы туралы айтқандары да залдағы лық толы жұртшылыққа қандайлық әсер еткенін көріп отырдық. Терроризм қатері жайындағы сұрақтағы “мұсылман экстремизмі”, “ислам фундаментализмі” деген тезистерге орай айтқаны да шымыр шықты. “Терроризмнің шын дін исламға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Қасиетті Құранда бір адамды өлтіру бүкіл адамзатқа қастандық жасаумен теңестіріледі. Фундамент – іргетас, негіз деген сөз. Бұл тұрғыдан қарағанда христиандықтың іргетасы, негізі исламнан да әріде қаланған. Мен кеше ғана Испаниядан келдім, өткен жылы біз сонда болған күндері баскілер қаланың қас ортасында жарылыс жасады, Ольстерде де осындай оқиғалар жиі орын алып жататынын жақсы білесіздер. Ал солардың исламға қандай қатысы бар? Экстремизм – дінді бетперде ететін қаны бұзықтардың құралы. Олармен сөйлесер сөздің басы баяғыдан ашық”, деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан басшысының Ауғанстандағы ахуалға арнайы тоқтала келіп, мұндағы ең басты мақсат талибандарды тұғырдан тайдыруда емес, ең керегі елде ашық қоғам, заңды билік орнауына қол жеткізу, экономикалық жағдайды жөндеуге жәрдемдесу екендігін ескерткені де орынды естілді. Ашыққан адам ақыры бір ашылмай қоймайды, деді біздің Президентіміз. Нұрсұлтан Әбішұлы қай мәселеге көпсе де бейнелі тілмен, әдемі әзілге жүгіне отырып сөйледі. Қандай қиын сұрақтарға да жалтармай жауап қайтарды, Елбасымыздың ұтқыр сөздеріне де, ордалы ойларына да разылық белгісі ретінде

қайта-қайта қол соғылып отырды. Бұл айтылған әңгімеден Қазақстанның жасампаздық жолымен жүріп келе жатқанына күмән қалмастай еді.

19 желтоқсанда түнге қарай Нұрсұлтан Назарбаев Хьюстоннан Нью-Йоркке келді. 20 желтоқсан күні ертеңгілікте Елбасымыздың Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Кофи Аннанмен кездесуі көзделген. Қазақстан Президенті 11 қыркүйекте адам айтқысыз тағылық теракт жасалған жерге барып, жазықсыз құрбан болған жандардың рухына тағзым етуді де ойластырып отыр.

*20 желтоқсан*

## **БАЙСАЛДЫ БАСТАМАЛАРЫМЕН БЕДЕЛДІ**

**Қазақстанның халықаралық қауымдастықтағы орны барған сайын тұлғаланып келеді**

### **АҚШ, Вашингтон**

Қазақстан Президентінің Америка Құрама Штаттарына сапарының үшінші күніндегі ең маңызды кездесуі Біріккен Ұлттар Ұйымында өтті. Осы халықаралық ұйымның Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстан басшысын БҰҰ хатшылығында (әлемге әйгілі ғимараттың 38-ші қабатында екен) қабылдап, бүгінгі дүниенің дидары, 11 қыркүйектен кейін қалыптасқан жаңа жағдай, әсіресе терроризммен күрес, жаһандану процесінің күнгейі мен көлеңкесі туралы кеңінен пікірлесті. Әңгіме барысында әлемдік қауымдастықтың жас мүшесі болса да халықаралық ауқымдағы байсалды бастамаларымен бедел алып үлгерген Қазақстанның игілікті қадамдарына лайықты баға берілді. Пікір алмасу кезінде Ауғанстандағы жағдайға тиісінше көңіл бөлінді. Нұрсұлтан Назарбаев осынау бағы ашылмай тұрған елдің ендігі тағдыры бүкіл әлем жұртшылығын ойландырғаны жөн, мәселе нақты террористердің көзін жоюға немесе белгілі бір күштерді саясат сахнасынан сырғытуға ғана тірелмеуге тиіс, ондағы жаңа үкімет міндетті түрде коалициялық негізде құрылуы керек деген байламын айтты.

Қазір Нью-Йоркке келген адам биылғы 11 қыркүйекте сұмдық трагедия болған жерге соқпай кете алмайды. Сол күні адамзат тарихында бұрын-сонды кездесіп көрмеген аса ауыр да алапат қылмыс жасалды – екі “Боинг” ұшағы бірінен соң

бірі келіп әлемдегі ең зәулім екі нысанға – Бүкілдүниежүзілік сауда орталығының қос ғимаратына соғылып, айналасы бір сағаттың ішінде әрқайсысы 110 қабаттық екі үйдің орнында үйінді ғана қалды, мыңдаған адамдар жер жүзіндегі миллиондаған адамдардың көз алдында отқа оранып, тау-тау темір бетонның астында көміліп кетті. Осынау жантүршігерлік террорлық әрекет Американы аңыратып қана өткен жоқ, ол бүкіл адамзатты ашу-ызаға булықтырды, адамның бойындағы тағылық түйсіктер жаңа мыңжылдықта да қалмайтынын, қайта аса қатерлі құралдардың арқасында соншалықты сұмдық сипатқа ауысуы да мүмкін екенін еске салып берді. Қазақстан Президенті Нью-Йорктағы жойқын жарылыстан соң іле-шала АҚШ Президенті Джордж Бушқа американдық халқының адам айтқысыз трагедиясына байланысты көңіл айтқан, өз елінің халықаралық терроризмге қарсы күресте тиісті көмегін көрсетуге әзірлігін мәлімдеген болатын. Екі ел басшыларының осы мәселе бойынша телефон арқылы пікір алысқаны да мәлім.

11 қыркүйектен бері дәл 100 күн өткенде, 20 желтоқсанда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев сол трагедия орын алған жерге келіп, жазықсыз құрбан болған жандардың рухына тағзым етті. Нью-Йорк десе алдымен Манхэттен, Манхэттен десе алдымен оның символы сынды “егіз мұнара” еске түсетін еді ғой. Қазір сол биіктігі 414 метрлік ғажайып қос ғимарат жоқ. Фанатик-террористер әлемнің басты қаласын оның экономикалық қуат-күшінің басты белгісінен айырды. Бұрын “егіз мұнараны” теледидардан, альбомдардан ғана көріп жүрген біздің өзімізге оның ғайыптан жоғалып кеткені ақылға сыйымсыз нәрсе сияқты, ал Нью-Йоркқа бұрын да келген, 110-шы қабаттан алып қаланы тамашалаған біздің делегациядағы үкімет мүшелері үйіндінің қалдықтарына қарап, тек үнсіз-түнсіз бас шайқаумен болды. Күйреп түскен қос ғимараттың жанына арнаулы подиум жасап, Мемориалды қабырға орнатып қойыпты. Онда террорлық акт кезінде азаматтары қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен елдердің аты жазылыпты. Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан туының тұсына қаралы гүлдесте қойып, қабырғаға мынандай жазу қалдырды:

*«Қазақстан халқы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі трагедияның құрбандарын қайғыра еске алады. Олардың қатарында Қазақстан Республикасының азаматы Жанетта Цой да болды.*

*Біз американ халқына шын жүректен көңіл айтамыз, әлемнің ізгілікке бейімделе түсуі, баршаға қауіпсіз болуы үшін күш-жігерімізді жұмсаймыз.*

*Нұрсұлтан Назарбаев.  
20.XII.2001».*

Елбасымызға трагедияның жай-жапсарын Нью-Йорк мэриясы хатшылығының жетекшісі Айрин Халлаген әңгімелеп берді. Нұрсұлтан Назарбаев сол жерде жұмыс істеп жатқан төтенше қызмет адамдарымен қысқаша пікірлесті.

Енді Елбасы атаған Жанетта Цой туралы бірер ауыз сөз. Жанетта күйеуі – Вячеслав Легай екеуі АҚШ-қа сол оқиғаның алдында ғана грин-карт – тұру ниеті бойынша келген екен, марқұм Бүкілдүниежүзілік сауда орталығына жұмысқа шыққанының екінші күнінде опат болыпты. Президент сол жерде Вячеслав Легаймен де сөйлесіп, көңіл айтты. Жасы беске де толмаған қызы Александраға әкесі әлі ештеңе айтпапты, кіп-кішкентай Саша қазірше мамасы Алматыға кеткен деп ойлайды...

Кешке қарай Президент Вашингтонға келді. Ақ үйдің дәл іргесіндегі “Блэр Хаус” резиденциясында Елбасымыз сенатор Сэм Браунбекпен, конгрессмен Джозеф Питтспен кездесті. Бұл екеуі де американдықтар қадір тұтатын тұлғалар. Сэм Браунбек Қазақстанмен өзара тиімді қарым-қатынасты жан-жақты дамытуды жақтап, нақты айтқанда, біздің елімізді “Джексон-Вэник” түзетуінің ықпалынан шығарып, “қалыпты сауда қатынастары режимін” тұрақты беруді қолдап жүрген қайраткер. Джозеф Питтс те Қазақстанды әлгі айтқан “Джексон-Вэник” түзетуінен алып шығудың жолында көп күш-жігер жұмсауда. “Джексон-Вэник” – кешегі “қырғи-қабақ соғыс” кезеңінің бір қалдығы. Биылғы күзден бері АҚШ әкімшілігі Қазақстанға қалыпты сауда жасауға болатын ел статусын беру жөнінде Конгреспен сабағат алыса бастады. АҚШ әкімшілігі Қазақстанға экономикасы нарықтық қалыпқа түскен ел статусын беру мәселесін де қарамақ ниетте. 2000 жылдың соңында Еуропа Одағы біздің еліміздегі реформаларды жоғары бағалап, Қазақстанға осы статусты берген болатын. Бұл маңызды мәселе Нұрсұлтан Назарбаевтың АҚШ Президенті Джордж Бушпен кездесуінде де қозғалып қалуы мүмкін. Астана уақытымен сенбінің түн ортасы ауа өтетін ол кездесу жөнінде газеттің келесі нөмірінде ғана әңгімелей аламыз.

Вашингтонға келген күннің кешінде АҚШ Конгресінің Сенатында еліміздің мерейін асыратын маңызды құжаттың қабылданғаны хабарланды.

Сенаторлар Сэм Браунбек пен Мэри Ландрье Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа 20 желтоқсанда Сенаттың бірауыздан қабылданған №194 Қарарын тапсырды.

Бұл – АҚШ Сенатының бірауыздан қабылдаған Қарары. Бұл – әлемнің ең қуатты елінің Қазақстанды стратегиялық әріптес ретінде құрмет тұтуын ресми құжаттауы. Бұл – Қазақстан халқының толымды табысы.

*22 желтоқсан*

## **«МЕН – ҚАЗАҚПЫН»**

**Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына сапары осы сөзді ауызға алдырды**

**АҚШ, Вашингтон – Ұлыбритания, Лондон.**

Адамзат баласы Америка деген ұғыммен 1492 жылдан бері таныс десек те, Америка Құрама Штаттары тәуелсіз мемлекет ретінде саясат сахнасында сонау 1789 жылдан белгілі десек те, бұл елдің баршаның тағдырына әсер ететін елге, әлемдік державаға айналғаны күні кеше тарих төріне озған жиырмасыншы ғасырда. Америка – ХХ ғасыр феномені. Дәл осы жүзжылдықта Америка ғылым мен техникада ғаламат жетістіктерге жетті, соның арқасында экономикасы ең қуатты мемлекетке айналды, бара-бара өзінің өмір салтын, тілін, тіпті ділін бүкіл әлемге таңа бастады. Әсіресе, 1991 жылы басты бақталасы – СССР ыдырап, империя шаңырағы ортасына түсіп, орнында он бес тәуелсіз ел қалғалы бері бұл мемлекеттің әлемдік саясаттағы салмағы артқан сайын арта түсіп келеді. Қазірше онымен тіресер ел табылмай тұр. Таяу арада табылмайды да. Табылса да тірескеннен ешкімнің абырой алмайтыны тағы белгілі. Сондықтан, абзалы – тіл табысу. Сыйлай отырып өзінді сыйлату. Халқы бір жарым миллиардтық Қытай негізінен экономикалық реформаларды жүзеге асырумен, өндірісті өрлетудің жай-күйімен ғана жанталасып жатқан шақта Америка Құрама Штаттарының дүние дидарын анықтаудағы алабөтен рөліне ешкімнің күмәні жоқ. Сондықтан да бұл елге қай мемлекет басшысының да сапары ерекше маңызды болады. Оның үстіне АҚШ-та прези-